

Работа с электронным учебно-методическим пособием «Программирование в Delphi» позволяет решить проблему мотивации школьников на уроках информатики при изучении объектно-ориентированного программирования, создать положительный настрой обучающихся.

Пособие может быть рекомендовано для учащихся 10-11 классов для развития навыков и умений программирования в среде Delphi.

Литература:

1. Учебная программа для 10-11 классов в естественно-математического направления уровня общего среднего образования. – Астана: НАО им. И.Алтынсарина, 2013. – 90 с.
2. Фаронов В. Система программирования Delphi. Серия: В подлиннике. - СПб.: БВХ-Санкт-Петербург, 2006.
3. Давыдова Е.В. Создание базовых элементов интерфейса Windows-программы в среде Delphi. //Информатика и образование.- 2002.- №4.
4. Анисимова В.Е. «Программирование в Delphi» (10-11 класс). Караганда: - МК, 2013г.

*Аманжол Қ.
«Информатика» мамандығының 2 курс студенті,
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ
Серикбаева А.Б.
т.ғ.м., аға оқытушы,
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАУ

Елімізді көркейтуге ат салысатын, ел атын жаңғыртатын біз біз жастар. Еліміздің ертеңін жаңғыртар болашақ ұрпақ. Болашақ ұрпақтың дұрыс тәлім тәрбие алуына септігін тигізетін ұлағатты ұстаздар қауымы екені анық. Яғни біз болашақ ұстаздар қауымы болашақта ұрпақ оқытуды қалай қолға ала аламыз?. Менің ойымша біз дарынды балалардың дарындылығын аша алып оны әрі қарай дамытуына мүмкіндік жасай алуымыз керек.

Жалпы дарынды оқушы және оларға берілетін дарын және дарындылық дегеніміз не?

Зерттеушілерді бұрынғы заманнан бастап дарындылық, ол қалай пайда болғаны, қалай көрінетіні жайлы сұрақтар толғандырған. Бұл түсінік туралы үлкен көлемді трактатулар пайда болды. Көптеген түсініктемелер дарындылықты жоғары нәтижелерге қол жеткізу қызметімен байланыстырды. Дарындылық – бұл ой-өрісінің жоғары дамуы ғана емес, сонмен бірге оқуға бейімділігі мен тұлғаның даму бағыты. Дарындылық әс-әрекетінің белсенділігі мен адам өміріндегі қоғамдық маңызы бар белгілі жетістіктерге жетумен сипатталады. (Н.С. Лейбес).

Дарын ол адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Дарындылықты Платон, А.Кастлер, Ф.Гальперин сияқты ғалымдар туа біткен қасиет десе.

Декорт, Гообс, Локк сияқты ғалымдар адам баласының даму барысында тәрбиеге байланысты дейді. Оның тұжырымдарға қарағанда

Дарындылық ол адам психикасының өмір бойы жүйелі түрде дамып, басқалар мен сағыстырғанда адамның бір немесе бірнеше іс-әрекет төңірегінде әдеттен тыс, сирек кездесетін жоғары нәтижелерге жету мүмкіндігі,

Дарындылықтың түрлерінің дифференциясы классификацияға негізделген критерий бойынша анықталады. Дарындылықта сандық және сапалық аспектіні бөлуге болады.

Арнайы дарындылық, өзі ерекше ашылып көрінетін белгілі іс-әрекет түрлерімен байланысты (математикалық, техникалық, музыкалық, сурет салу өнері, ақындық дарындылық және тағы басқалар).

Ақыл-ой дарындылығы ақыл-ой жетістігі талап етілетін жерде қандай да бір бәрінде болады (жалпы сұрақ әр түрлі жаттығуда индивидтің ақыл-ой қабілеті мүмкіндігінің бірдей болмауы). Мектептің жалпы білім беру шартындағы оқушылар арасындағы ақыл-ой қатынасы бойынша ерекшеліктер жоспарда бірінші орынға шығады.

Мектепте “орташа оқитын” оқушыны бағалау негізінде бағдарлау өткен уақыттарда қалды. Қазір біздің қоғамның жана дамуында құрбыларын интеллект белгілерін көрсете отырып, озық

еткен балаларға көңіл аудару — мектептің көкейтесті мінідетінің бірі болып табылады.

Жалпы ақыл-ой қабілеттілігіне біршама психологтардың зерттеу жұмыстары арналған. Психологиядағы бар материалдар, мұғалімдер мен тәрбиешілерді ақыл-ойға байланысты дарынды балалардың үш категориясына назар аударуға көмектеседі. Бірінші категорияда — өмірдің бірдей шартында ақыл-ой дамуының ерекше жоғары деңгейін көрсететін балалар. Олар жиі мектепке дейінгі және төменгі сынып жасындағы балалардың арасында кездеседі. Екінші категорияда — арнайы, мысалы: математика немесе басқа ғылымның аясында бір аумағында ақыл-ой қабілеттілігінің белгілері бар балалар. Мұндай оқушылар жасөспірім жаста байқалуы мүмкін. Үшінші категорияда — оқуда табысты болып үлгермеген, бірақ психикасының оригиналдылығымен, танып-білуінің белсенділігімен, сирек кездесетін ақыл-ой қорымен қамтамасыз етілген балалар енгізілген. Бұл жерде потенциалды немесе “жасырынды” дарындылық туралы сөз болып отыр. Мұндай ақыл-ой мүмкіндігі бар оқушылар жоғары сыныпқа дейінгі жаста жиі көрінеді.

Потенциалды дарындылық — бұл қандай да бір іс-әрекет түрінде жоғары жетістікке жету үшін белгілі психикалық алғышарттары потенциалды болатын баланың психологиялық ерекшелігі.

Ерте дарындылық мысалы ретінде “вундеркиндтер” (“таңқаларлық сәт” тағынасында) деп аталатын балалар бола алады. Мектепке дейінгі немесе мектеп жасындағы оқушылар болып табылатын вундеркиндтер, қандай да бір іс-әрекет түрінде тамаша табыстарға жетеді (музыкада, суретте, ән айтуда тағы басқа). Мұндай балалар кейде өте жақсы ақыл-ой қабілеттіліктерін көрсітеді (ерте әріп танып, оқу, хат, санау тағы басқа). Атақты музыканттардың өмірбаяндары дәлелдейтіндей, дарындылық музыкада ерте көрінеді. Ал одан кешқұрым, сурет өнерінде көрінеді. Ал математикалық қабілеттілік ерте біліне бастайды. Ғылым жетістігінде мәнді нәтижелерге жету, әдетте кешқұрым өтеді, ол қандай да жаңалық үшін терең және ауқымды біліммен қамтамасыз етілу керектімен байланысты. Осы клетірілген дарындылық классификациясымен қатар, әдебиеттерде басқа да көзқарастар кездесуде [3].

Дарынды оқушылардың қабілетіне, ерекшеліктеріне қарай үшке бөлуге болады:

1. Шағармашылық дарындылық;
2. Интеллектуалды, табиғи дарындылық;
3. Лидерлік дарындылық.

Дарындылықтың табиғаты шексіз. Осы дарындылықпен шығармашылықты дамытудың түрлі жолдарының ішінде баланың өзіндік зерттеу тәжірибесі ең тиімді болып есептеледі.

Зерттеушілік, ізденушілік – бала табиғатына тән қасиеттері. Білуге деген құштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет айнаға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез.

Дарынды балаларды оқытуға зерттеу әдісі қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығуының жағарылығымен, қоршаған ортасына деген құштарлықпен түсіндіріледі. Оқушының өзіндік зерттеу әрекетінің өзіндік талабын қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйде емес, өзі ашады.

Жалпы дарынды оқушылардың қабілетіне, ерекшеліктеріне қарай үшке бөлінген: шағармашылық дарындылық; интеллектуалды, табиғи дарындылық; лидерлік дарындылық бойынша дарынды оқушыларды қабілеттері мен ерекшеліктері бойынша тиімді бағасыру үшін тест қолдану неғұрлым тиімдірек деп ойлаймыз.

Тестерді дарынды оқушыларды 2-4 сынып, 4-6 сынып, 7-9 сынып арасына қып жас ерекшеліктеріне қарай бөлдім, ал жоғарғы сынып оқушыларын осы ерекшеліктері бойынша оқытып сол ерекшеліктеріне мамандық иесі болуына септігін тигізу керек. Менің бүгінгі ұсынып отырған бағдарламада дарынды оқушылардың қабілетіне, ерекшеліктеріне қарай дарындылығын жетілдіруге және анықтауға өз септігін тигізеді.

Бұл бағдарламада балалар шығармашылық дарындылық, интеллектуалды дарындалық және лидерлік дарындылық түрлеріне ойлау қабілетіне негізделген тестілер ұсынылады мұнда бала өзіне жақын дарындылыққа және жалпы барлық дарындылық түрлеріне байланысты тестілерді шешуге мүмкіндігі бар. Тест қорытындысы шыққаннан кейін балалардың жинаған

ұпай сандарына карап, көп ұпай жинаған дарынны жағына жетілдіре оқыыла түседі.

Негізгі критерилер	Төмен	Орташа	Жоғары
Жауап толық ашық түрде берілген			
Жауаптың сұраққа дәлдігі			
Шығармашылық сипат			
Жауапқа ұқсастығы			

Төмен- 1 балл, орташа -3 балл, жоғары -5 балл.

4- 7 балл аралығы қызыл деңгей, 7-15 балл - сары деңгей, 15-20 балл - жоғарғы деңгей.

Оқушы әр дарындылыққа берілген тапсырмалардан берілген он тапсырманың сегізінен жоғары деңгейге жауап беру керек

Әдебиеттер:

1. Ү.Б. Жексенбаева. Балалардың дарындылығын диагностикалау әдістемелік құрал. «РАД иАЛ» баспасы « Алматы». -2005.
2. Дарынды балалармен жұмыс//Қазақстан мектебі. -2008
3. Дарынды оқушымен жұмыс//Мектеп директорының орынбасары. – 2010, -№1.
4. Уикипедия

Аманкелді Д.Б.

*«Информатика» мамандығының 2 курс магистранты,
академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Омаров А.М.

ф.ғ. ғ.к, доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

DELPHI ОРТАСЫНДА ТЕСТІЛЕУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРУ

Компьютер технологиясының көмегімен оқыту идеясының пайда болғанына біраз уақыт өтті. Себебі компьютер адам тәрізді ойланады және компьютер мен адам арасындағы диалог жүргізіледі. Адамзат өмірінің барлық саласында компьютер